



Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

2005 жылғы 4 желтоқсандағы

ПРЕЗИДЕНТТЕК САЙЛАУ

Сайлауды бақылау жөніндегі
ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясының қорытынды есебі



Варшава
2006 жылғы 21 ақпан

МАЗМУНЫ

I.	ЖАЛПЫ ТҰЖЫРЫМДАР	1
II.	КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫС СӨЗДЕРІ	3
III.	КІРІСПЕ	4
IV.	ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗ	5
V.	САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ	7
VI.	ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ	10
VII.	КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ	11
VIII.	САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ	12
A.	ШОЛУ	12
B.	КАМПАНИЯ КӨРІНІСІ	13
C.	САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ КАМПАНИЯНЫ ӨТКІЗУ ЖАҒДАЙЫ	13
IX.	БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ	16
A.	БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАР	16
B.	БАҚ ҚЫЗМЕТИНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ	17
C.	БАҚ МОНИТОРИНГІ	18
D.	БАҚ ЕРКІНДІГІ	20
X.	ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ МӘЛІМДЕМЕЛЕР	21
XI.	ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫЛАР	23
XII.	ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ	24
XIII.	ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚ	24
XIV.	САЙЛАУ КҮНІ	24
A.	ДАУЫС БЕРУ	24
B.	ДАУЫСТАРДЫ САНАУ	27
C.	НӘТИЖЕЛЕРДІ ШЫФАРУ	28
XV.	САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАУ	28
XVI.	ҰСЫНЫСТАР	29
A.	ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ	29
B.	САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ	30
C.	ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ	31
D.	ҮГІТ ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	31
E.	БАҚ	32
	ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	34

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
2005 жылғы 4 желтоқсандағы
ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ
Сайлауды байқау жөніндегі
ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясының қорытынды есебі¹

I. ЖАЛПЫ ТҰЖЫРЫМДАР

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен алынған шақыруға жауап ретінде, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының жаңындағы Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2005 жылғы 4 желтоқсандағы президенттік сайлауға бақылау жүргізді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ президенттік сайлауды олардың ұлттық заңнамаға сәйкестігін, 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатына және басқа демократиялық сайлаулардың халықаралық стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізілгенін бағалады.

2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлау 1991 жылды еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірнеше кандидат қатысқан Қазақстан Республикасының екінші президенттік сайлауы болды. Ұмырашылдық сипат орын алған сайлаушылар таңдауына мүмкіндік берген бес кандидаттан тұратын топ тіркеу рәсімінен өтті. Солай бола тұра, барлық кандидаттар өз көзқарастарын электоратқа жеткізу үшін бірдей мүмкіндіктерді пайдаланған кезде, сайлау кампаниясының барысында кездескен бірқатар елеулі кемшиліктер толыққанды бәсекелестік күрес мүмкіндігін шектеді. Осы кемшиліктер еркін, адал және бәсекелестік сайлау өткізуді қамтамасыз етуді әр түрлі мемлекеттік билік органдарына міндеттеген «Қазақстан Республикасының азаматтарының сайлау құқығын іске асыру туралы» 9 қыркүйектегі Президент декретіне қарамастан орын алды.

Кемшиліктер арасында сайлау кампаниясына билік басындағылардың шамадан тыс араласуы, сайлау алдындағы үгіт жүргізуді шамадан тыс шектеу, үгіт жүргізуі белсендерді қыспақça алу және қорқыту жағдайлары байқалды. Барлық кандидаттарға үгіт іс шараларын жүргізу үшін гимараттар ұсынылғанына қарамастан, кездесулерді ашық аспан астында өткізуге рұқсат ету өтініштері жергілікті атқаруышы билік органдарымен сирек қанағаттандырылды. Кейде оппозициялық кандидаттармен кездесулер болмай қалды. Кейбір мемлекеттік және жеке компаниялардың қызметкерлерінің әрекет етіп отырған Президентке дауыс беруі үшін студенттерге қысым көрсетілгендігі туралы хабарланды. Ішкі істер министрінің және Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің оппозицияның күш көрсетуді пайдалана отырып бой көрсетуге дайындығы туралы мәлімдемесі сайлау күні алдындағы жағдайды одан әрі қыздыра тұсті.

Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары баспа алаңын және тегін эфир уақытын беру бойынша өздерінің құқықтық міндеттемелерін орындағы. Сонда да, мониторингтен өткен барлық бұқаралық ақпарат құралдарында әрекет етуші Президент пайdasына шешу байқалды. Оппозициялық газеттердің бүкіл таралымын тәркілеу және сөз бостандығы мен ақпаратты таратуды құқықтық шектеу жағдайлары сайлаушылардың толығымен жете ұғынып таңдау жасау мүмкіндігін одан сайын шектеді.

¹

Осы есеп қазақ және орыс тілдеріне аударылған, алайда ағылшын тіліндегі нұсқасы құжаттың жалғыз ресми болжамы болып қалады.

Тарихта алғаш рет жалпы ұлттық телеарнада президенттік кандидаттар арасында пікіртартыстар көрсетілді. Солай бола тұра, әрекет етуші Президенттің қатыспау шешімі, тіптен бұл оның құқығы болса да, электорат үшін осы оқиғаның мәнін елеулі төмендетті.

Сайлау үдерісі 2004 жылғы парламенттік сайлауға дейін және содан кейін енгізілген түзетулермен бірге, сайлау туралы Занға сәйкес жүргізілді. Кейбір түзетулер алға басқан қадам болғанына қарамастан, оны әрі қарай да жетілдіру қажеттігі болып отыр. Сайлау туралы Занға, жиналыс пен сөзді реттемелейтін зандарға 2004 жылғы өзгертулер мен толықтырулар енгізгеннен кейін жасалған ЕҚЫҰ/ДИАҚБ нұсқауларын ескеру үшін түзетулер енгізілмеді. Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) кейбір алдыңғы нұсқаулардың орынды екенін мақұлдамайтынына қарамастан президенттік сайлаудан кейін ОСК заңнамалық базаны жетілдіру керектігін талқылауға дайындығын білдірді.

Жалпы ОСК сайлау алдындағы кезеңде үдерістің ашықтығын қамтамасыз етті. ОСК жүйелі түрде ашық отырыстар өткізді және сайлау үдерісін жақсартуға бағытталған бірқатар шешімдер қабылдады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ барлық деңгейдегі сайлау комиссиясына қол жеткізу мүмкіндігі берілді. ОСК сондай-ақ электрондық дауыс беруге ерекше назар аудара отырып, кең ауқымды кампанияны жүргізді. Солай бола тұrsa да, тиісті заңнаманы жеткіліксіз түсіндірудің бірлі жарым жағдайлары белгілі бір шатастыруларға әкелді.

Барлық деңгейдегі сайлау комиссияларында оппозициялық партиялардың өкілеттігі аздау болды. Одан басқа, комиссия мүшелерінің көпшілігі жалғыз жұмыс берушімен жалдану қатынасында болған жағдайлар байқалып, оның өзі осы комиссиядағы пікір еркіндігін одан әрі әлсіретті. Төменгі деңгейде тұрған комиссиялардың көпшілігі жеткілікті түрде жақсы оқытылғандай әсер пайда болды. Солай бола тұра, сайлау күні, әсіресе дауыс санаған кезде туған проблемалар, оқытууды жағастыруды талап етеді. Сайлаушылар тізімінің сапасын жақсартуы бойынша қосымша шаралар қабылдау керек.

ОСК жүртшылық сенімін нығайтуға ұмтыла отырып, 2004 жылы парламенттік сайлауда ең алғаш рет қолданылған электрондық дауыс беруді біртіндеп енгізе бастады. Қағаз бюллетендер арқылы дауыс берудің баламасы ретінде электрондық дауыс беру сайлауга арналған участоктардың 15 пайзызында ұсынылды. Сайлаушылардың 15 пайзызынан кемі электрондық дауыс беру нұсқасын таңдады, оның өзі сенімінің жеткіліксіздігінің белгісі. Жүйеде сайлау бойынша дау туындаған жағдайда қайта санау мүмкіндігін беретін қолмен тексеру мүмкіндігі осы уақытқа дейін жоқ. Осы жүйені әрі қарай тексеру мақсатында сайлаушы бақылау нөмірін пайдалануды жағастырып, осы нөмір үшінші тарапқа хабарланған болса, бұл теориялық жағынан дауыс беру құпиясын бұзар еді. Жүйенің сертификациясы құнгіріт күйінде қалды.

Жалпы алғанда, дауыс беру тыныш жағдайда өтті. Жалпы бақылаушылар олар аралап шыққан сайлау участеклерінің 92% дауыс беру жақсы өтті деп бағалады. Алайда, бір адамның көп рет дауыс беру жағдайы, басқа тұлға үшін дауыс беру, топпен немесе отбасымен дауыс беру, дауыс беру құпиялығын бұзу, бюллетеньдерді тастау және дауыс беру үшін урналарды тиісті түрде сұргілемеген жағдайлары байқалды. Кейбір жерлерде студенттерді дауыс беруге мәжбүрлеу актілері тіркелді. Көптеген сайлау участеклерінде сайлаушылар тізіміне тиісті құжаттарды көрсетуінсіз сайлаушылардың елеулі мөлшері қосылды. Кей жағдайларда, бақылаушыларға сайлау үдерісіне толық қатынау мүмкіндігі берілмеді.

Дауысты санау мен қорытынды шығарған кезде сайлау үдерісі нашарлады. Бақылаушылардың санақтары бойынша санау үдерісінің 28 пайзы келенсіз нәтижелер туралы хаттамамен бірге айлалы әрекетті қоса алғанда елеулі бұзушылықтарды ескерте отырып жағымсыз баға алды.

Сондай-ақ рәсімдік бұзушылықтардың, соның ішінде хаттамаларды толық толтырмау немесе оларды қаламмен емес, қарындашпен толтыру сияқты көптеген бұзушылықтар байқалды. Байқалған дауыс санаудың үштен бірінің астамында дауыс беру үшін қатысуышылардың бері танысуға хаттамалар ілінбеді. Жалпы алғанда, ОСК деңгейінде қорытынды шығару ОСК бақылаған жағдайлардың 22 пайызында теріс баға алды, ал басты проблема ретінде ашықтықтың жетіспеушілігі аталды.

Жағымды жағынан ОСК өзінің веб-сайтында сайлау участкелері бойынша, бірнеше күннен кейін болса да және шектеулі ақпарат берсе де, нәтижелерді жариялауын бағалауға болады. Осылан қарамастан, кандидаттардың біреуі сайлаудан кейін осы ақпаратты пайдаланып өз шағымын бергенде, Жоғарғы сот бұл ақпараттың заңды күші жоқтығына қаулы шығарып, оны таратқаны үшін ОСК ескеरту жасады.

Жалпы алғанда, сайлау алдындағы кезеңде осы сайлауды жүргізген кездегі кейбір жақсартуларға қарамастан, сайлау ЕҚЫҰ бірқатар міндеттемелеріне және басқа демократиялық сайлаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келмеді. Қазақстан биліктепе 1990 жылғы Копенгаген құжаты бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындалады, соның ішінде сайлауға қатысы бар 7.3, 7.4, 7.6, 7.8 міндеттемелерді және 7.7. міндеттемесін орындалады. Шағымдар мен мәлімдемелерді қарау рәсімдеріне қатысты 5.10 және 5.11 міндеттемелері; және сөз мен жиналыс еркіндігіне қатысты 9.1 және 9.2 міндеттемелері толық сақталмады².

Осы есепте Қазақстан Республикасында сайлау жүргізуді жақсарту жөнінде бірқатар нұсқаулар ұсынылған. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ биліктепе күшіне және Қазақстанның азаматтық қоғамына ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес сайлау жүргізу жөнінде қолдау көрсетуін жалғастыруға өз дайындығын раставиды.

II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ АЛҒЫС СӨЗДЕРІ

2005 жылғы 4 желтоқсандағы президенттік сайлауға бақылау жүргізуге Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігінің шақыру қағазын ала отырып, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2005 жылғы 17 қазанда сайлауды бақылау бойынша (СБМ) миссиясын құрды. Елші Одри Гловер басқарған миссия, негізгі құрамы Астана және Алматы қалаларында жинақталған 16 мүшеден және барлық әкімшілік аймақтарды қамтыған 30 ұзақмерзімді бақылаушылардан тұрды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлауды бақылау бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Нұсқауында толық сипатталған стандартты әдістемеге сәйкес сайлау үдерісін бақылады³.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ құрғанға дейін оның жұмыс қорытындылары бойынша есепті жариялад, Бағалау миссиясын жіберді. СБМ өзінің бақылауы барысында екі аралық есепті жариялады және оның құзыретті билік органдарымен аралық есепте көтерілген мәселелерді талқылауға мүмкіндігі болды⁴.

Сайлау күніне Сайлауды бақылау бойынша халықаралық миссия (СБХМ) шенберінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясынан (ЕҚЫҰ ПА) 45 өкілді, Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясынан (ЕКПА) жеті және Еуропалық Парламенттен 16 өкілді

² Адам өлшемі саласындағы ЕҚЫҰ міндеттемесі, 2 том, 67 бет, ЕҚЫҰ Адам өлшемі бойынша Конференцияның Копегагендегі мәжіліс құжаты, Копенгаген, 1990 жыл.

³ Сайлауды бақылау жөніндегі нұсқау, 5-ші басылым. 2005 ж. Интернет желісіндегі мекен-жайы: www.osce.org/odihr/item_11_14004.html

⁴ Барлық аталған құжаттарды мына сілтеме бойынша табуга болады: www.osce.org/odihr-elections/16471.html

қоса алғанда, 411 қысқа мерзімді бақылаушылар қосылды. Жалпы алғанда ЕҚЫҰ 43 қатысушы-елдердің бақылаушылары қатысты. СБХМ Қазақстанның әр түрлі аумағындағы дауыс беруші 9580 участекердің 1900-не жуығында дауыс беруге бақылау жүргізді, ал дауыстарды санау 192 участекерде бақыланды. СБХМ бақылаушылары сондай-ақ қорытынды шығаруды бақылау үшін жалпы ел бойынша 204 сайлау округтерінде 137 сайлау округтеріне қатысты.

ЕҚЫҰ әрекет етуші Төрағасы ЕҚЫҰ ПА Құрметті Президенті Брюс Джорджды ЕҚЫҰ қыскамерзімді бақылаушылардың Арнайы үйлестірушісі етіп тағайындалды. ЕКПА делегациясын Тадеуш Ивињски басқарды. Еуропалық Парламент делегациясын Струан Стивенсон басқарды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сыртқы істер министрлігіне және Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарға, Алматы қаласындағы ЕҚЫҰ орталығына, азаматтық қоғам ұйымдарына, халықаралық ұйымдарға және ЕҚЫҰ қатысушы-мемлекеттердің аккредитивті елшіліктеріне Миссия жұмысы барысында көрсеткен көмегі мен ынтымақтастықтары үшін өз алғыстарын білдіреді.

III. КІРІСПЕ

2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлау 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірнеше кандидат қатысқан Қазақстан Республикасының екінші президенттік сайлауы болды. 1999 жылғы президенттік сайлауға ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлауды бағалау бойынша шектеулі Миссияны жіберді, олар «сайлау үдерісі ЕҚЫҰ шенберіндегі міндеттемелерге сәйкес келмейді» деген қорытындыға келді. 2004 жылғы парламенттік сайлауға жіберілген СБХМ осы сайлау «көп жағдайларға қатысты ЕҚЫҰ бойынша міндеттемелерге және демократиялық сайлауды жүргізуінің басқа халықаралық стандарттарына сәйкес келмеді»⁵ деген қорытынды жасады.

Президенттік сайлау екі турда өткізіледі. Бірінші дауыс беру түрінде жену үшін кандидат сайлаушылардың барлық дауыстарының жартысынан астамын жинауга тиіс. Егер бір де бір кандидатқа қажетті көпшілік дауысты жинаудың сәті түспесе, ең көп дауыс жинаған екі кандидат, бірінші турдан кейін екі ай өткен соң өткізілетін екінші турда жарысады, онда ең көп дауыс алған кандидат сайланған болып саналады. Конституцияға сәйкес бір тұлға қатарынан екі мерзімнен артық Президент орнына сайланған алмайды.

2005 жыл бойы Қазақстandaғы саяси үдерістің қатысушылары Конституцияға сәйкес сайлау не 2005 жылғы желтоқсанда, не 2006 жылғы желтоқсанда өткізілуге тиіс екендігін талқылады. Мәселе Конституциялық Кеңеске жіберілді, Кеңес сайлау 2005 жылғы желтоқсанда өткізілетін болады деген қаулы қабылдады. Осы шешім қабылданғаннан кейін 7 қыркүйекте Парламенттің төменгі палатасы, Мәжіліс президенттік сайлауды 2005 жылғы 4 желтоқсанда өтеді деп тағайындалды.

Президенттік сайлауға бес кандидат қатысты: (сайлау бюллетеніндегі ретіне қарай) Ерасыл Әбілқасымов (Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы), Әлихан Байменов («Ақ Жол» Партиясы), Мәлс Елеусізов (тәуелсіз кандидат), Нұрсұлтан Назарбаев («Отан» партиясы) және Жармахан Тұяқбай («Әділ Қазақстан үшін» қозғалысы).

⁵ Барлық аталған құжаттарды мына сілтемеден табуға болады: www.osce.org/odihr-elections/14471.html

IV. ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗ

Қазақстан Республикасындағы Президенттік сайлауды өткізудің заңнамалық негізі Конституциямен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» (Сайлау туралы Заңы) конституциялық заңымен, Орталық сайлау комиссиясының шешімдерімен, қаулыларымен және басқа кесімдерімен айқындалады. Сайлау үдерісінің әр түрлі қырлары басқа да заңнамамен, сондай-ақ «Саяси партиялар туралы» заңымен, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңымен, «Бейбіт жиналыстар туралы» заңымен⁶ Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексімен және Қылмыстық Кодексімен қоса алғанда реттеледі. 2005 жылдың 9 қыркүйегінде Президент әр түрлі мемлекеттік органдарына еркін, адаптациялық заңнамамен және әсекелестік сайлау өткізу қамтамасыз етуге нұсқама беретін «Қазақстан Республикасының азаматтарының сайлау құқығын іске асыру бойынша шаралар туралы» жарлыққа қол қойды.

2004 жылдың 29 наурыздағы парламенттік сайлау өткізу алдында барлық саяси партиялардың және азаматтық қоғамның өкілдері қатысқан дөңгелек үстелдің жұмысының нәтижесі бойынша сайлау туралы Заңға түзетулер енгізілді. Сайлау туралы Заңын ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бағалауы ашықтықпен қамтамасыз ету, еркін пікірлі сайлау комиссиясын қалыптастыру және үгіт жүргізу үшін 2004 жылдың 9 қыркүйегінде Президенттің әр түрлі мемлекеттік органдарына еркін, адаптациялық заңнамамен және әсекелестік сайлау өткізу қамтамасыз етуге нұсқама беретін «Қазақстан Республикасының азаматтарының сайлау құқығын іске асыру бойынша шаралар туралы» жарлыққа қол қойды⁷.

Бағалауда, сондай-ақ бірқатар мәселелердің шешілмей қалғаны атап өтілді және сайлануға құқықты шектеу, сайлау комиссиясының құрамында көтермелеуші және әр алуандық өкілдікке жеткілікті кепілдіктің қажеттігі және үгіт жүргізу кезеңінде белсенді саяси әнгіме (Президенттің абройы және беделі туралы ережені қоса алғанда) жүргізуге кандидаттардың құқықтарын шектеу сияқты осындай мәселелерге қатысты шаралар қабылдау жөнінде нұсқаулар ұсынылды.

2005 жылғы сәуірде сайлау туралы Заңға қайтадан түзетулер енгізілді, алайда осы түзетулердің кейбіреуі демократиялық сайлау өткізу бойынша ЕҚЫҰ шенберіндегі міндеттемелерге сәйкес келмеді. Олардың ішіндегі көзге түскені- қорытындыларды ресми жарияланғанға дейін сайлау алдындағы кампания аяқталған сәттен бастап сайлауға байланысты қоғамдық жиналыстар өткізуге тығым салатын ереженің 44.6 бабында пайда болуы. Осы түзету бірлесудің, сөздің және бейбіт жиналыстардың негізгі және жалпыға ортақ еркіндігін бұзуды көрсетеді. 14 қарашада ОСК Парламенттің Төменгі Палатасы мәжіліске қоғамдық жиналыстар өткізу үшін шектейтін түзетулерді жою туралы ұсыныс жасады. Сайлау күніне дейін Парламент бұл ұқынысты қабылдамады.

2004 жылдың 29 наурыздағы парламенттік сайлау туралы Заңын Бағалаудан басқа заңнамалық негізді жетілдіру жөніндегі нұсқаулар, сондай-ақ 2004 жылғы парламенттік сайлау туралы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қорытынды есебінде де мазмұндалды. Осы уақытқа дейін заңнамалық негізге қатысты нұсқаулардың бірде біреуі іске асырылған жоқ. 2005 жылғы президенттік сайлауға дейін ОСК 2004 жылғы парламенттік сайлау туралы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қорытынды есебіне жауап берді, онда ОСК бұрынырақ ұсынылған нұсқаулардың кейбіреуінің мақсатқа сәйкестілігімен

⁶ Ресми атавы: «Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, салтанатты журулерді, бөгөуілдерді шерулерді ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңы.

⁷ 2004 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңын ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бағалауы

келіспейтіндігі көрсетілді⁸. Солай бола тұрса да, президенттік сайлаудан кейін ОСК лауазымды тұлғалары заңнамалық негізді белгілі бір жетілдіруді талқылауға дайындығын білдірді.

«Бейбіт жиналыстарды, митинглерді, шерулерді, бөгеулдерді, салтанатты жүрулерді ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңы, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексімен бірге жиналысты өткізуге рұқсат беру керек пе, жоқ па, сондай-ақ оның уақыты мен орнын белгілеуді айқындау бойынша шектен тыс өкілеттіктерді жергілікті органдарға береді. «Бейбіт жиналыстар туралы» Заңының 3-бабында жиналысқа, кездесуге немесе демонстрацияға рұқсат алу үшін кем дегенде 10 күн бұрын алдын ала мәлімдеме жіберу көзделген. Бұл мерзім сайлау кампаниясының уақыт бойынша шектеулігі шенберінде өте ұзақ болып табылады.

Заңының 4-бабы кездесуді өткізу үшін басқа орын және басқа уақыт ұсынуына жергілікті билік органдарына кең шенберде негіз береді. Заң осы негізді әр түрлі түрде түсіндіру үшін жеткілікті түрде бір мағыналы емес. Одан басқа, ұйымдастырушылардан ұсынылатын жиналысты өткізу орны мен уақытының орнына жиналысты өткізудің басқа уақыты мен орнын таңдаған кезде жергілікті билік органдарының басшылыққа алуға тиіс қандай да бір критерийлері заңмен көзделмеген. Заңының 7-бабында көрсетілген жиналысты өткізуге тыйым салуына жергілікті билік органдарына жағдай жасайтын негіз, сондай-ақ заңды жиналысты өткізуге рұқсат бермеу үшін солай түсіндірілуі мүмкін.

Осы заңың ашық аспан астында кандидаттардың сайлаушылармен кездесуіне қатысты ережелерін колдану ақтауға келмейтін шектеулердің пайда болуына әкелді, онда жергілікті әкімшілік органдары тарарапынан осы ережелерді асыра пайдалану салдарының болғаны ғой деген ой пайда болады.

Сайлау туралы Заңды, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексін, қылмыстық Кодексті және Президент пен кандидаттардың абройы және беделін қорғау туралы Конституцияның ережелерін практикада пайдалану сайлау кампаниясы барысында саяси бой көрсетулерді шектеуге жағдай жасады. Осы ережелерді кең түрде түсіндіру шындығында сөз бостандығын, сондай-ақ жалпыға ортақ игілік болып табылатын ақпаратты тарату құқығын елеулі шектеуге әкелді.

Сайлау туралы Заң мөлшері заңмен белгіленетін (шамамен алғанда 1,4 миллион АҚШ доллары) ең аз еңбекақы төлемі 27 000 тең, кандидаттардың сайлау қорының барынша көп мөлшерін тағайындаиды⁹. Кампанияны қаржыландыру осы мақсат үшін арнайы ашылатын банктік шот арқылы кандидаттың сайлау қорынан ғана рұқсат етіледі. Барлық кандидаттар толыққанды сайлау кампаниясын жүргізу үшін қаржаттардың жеткілікті түрде жоғары еместігін мәлімдеді. Сайлау туралы Заң кандидаттарға сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей тиісті сайлау комиссиясына өз қорын пайдалану туралы есеп беруіне нұсқама берсе де, осы ақпаратты жалпыға ортақ таныстыру үшін жариялауды талап ету көзделмеген.

Сайлау туралы Заңының 54.2-бабы президенттік кандидаттыққа «мемлекеттік тілді еркін менгеру» талабын қояды, ол деректі ОСК анықтайды. Бұл ережеде мемлекеттік тілді менгеру

⁸ 2004 жылғы 19 қыркүйектегі және 3 қазандығы Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісі сайлауын бақылау бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының есебінде көрсетілген нұсқаулар жөніндегі анықтама» деп аталған халықаралық қатынастар бойынша бөлімнің құжаты және 2005 жылғы 4 желтоқсанда болатын президенттік сайлауға байланысты 2005 жылғы 13-17 қыркүйектегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының есебінде көрсетілген нұсқаулар жөніндегі құжат».

⁹ Өзін өзі ұсынған кандидаттар үшін бұл сома заңнамалық тәртіpte (шамамен 1 миллион АҚШ доллары) мөлшері белгіленетін 20 000 барынша аз еңбекақы төлемне тең болады.

денгейін айқындаудың, кандидат оны қалай бағалайтынын білетіндегі, әділ және анық критерийлері мазмұндалмаған. Орталық Сайлау Комитеті осыған байланысты қаулы қабылдағанына қарамастан осындағы критерийлер занмен белгіленгені дұрысырақ болады.

4 қарашада Қазақстан Парламенті азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық конвенцияны толығымен бекітті, сонынан 22 қарашада оған Президент қол қойды.

V. САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ

Сайлау, Орталық Сайлау Комиссиясы басшылығымен сайлау комиссиясының төртденгейлік жүйесімен жүргізілді. Екінші деңгейді 16 комиссия құрады: 14 облыстық сайлау комиссиясынан және Алматы мен Астана (бұдан әрі бірлесіп «Аумақтық сайлау комиссиялары» АСК деп аталады) қалаларының сайлау комиссиялары. Үшінші деңгейді 204 аудандық сайлау комиссиясы (АСК) құрады және төртінші деңгей - 9,580 участелік сайлау комиссиялары (УСК).

Аймақтық Сайлау Комиссиясы, Аудандық сайлау комиссиясы және Участелік Сайлау Комиссиясы тек сайлау өткізу кезеңінде ғана жұмыс істесе де, барлық сайлау комиссиялары бес жылдық мерзімге сайланатын жеті мүшеден тұрады. ОСК мүшелері Президенттің ұсынысы бойынша Мәжіліспен сайланады. 2005 жылы көктемде ОСК жеті мүшесінің алтауы қайта сайланады, ал ОСК Төрағасы болып бұрынғы Әділет Министрі Оңалсын Жұмабеков тағайындалды.

Сайлау комиссиясындағы оппозициялық партиялардың өкілдігі барлық деңгейде де аз күйінде қалды. Төмен тұрған комиссияның құрамы тиісті маслихатпен (облыстық және жергілікті кенестермен) саяси партиядан түскен ұсыныс негізінде тағайындалады. Әрбір саяси партияның маслихатта тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір мүшесін ұсынуға құқығы бар. ОСК акпараты бойынша саяси партиялардан ұсынылған сайлау комиссиясының мүшелері ОСК, АСК және УСК құрамының 80-нен астам пайызын құрады.

Әрекет етуші Президентті қолдайтын екі негізгі партиялар «Отан» және «Асардың» УСК деңгейіндегі өкілдігі ең көп болды, олардың мүшелерінің саны 13,8 және 13 пайызға сәйкес келеді. Өзін оппозицияға жатқызған партиялардың арасында «Ақ Жол» УСК мүшелерінің 4,4 пайызын, ал Қазақстан Коммунисттік партиясы – 1,9 пайызын құрады. «Қазақстанның Демократиялық тандауы» (ҚДТ) партиясымен ұсынылған сайлау комиссиясының мүшелері, 2005 жылдың басында тіркеуден айрылғаннан кейін («Сайлау алдындағы үгіт») өз орындарынан да айрылды.

ОСК сайлау комиссиясының құрамындағы оппозициялық париялар өкілеттігінің аздау болуын комиссия тағайындаудын органдардың құрамындағы осы партиялардың өкілеттіктері деңгейінің төмендігін көрсетті деген пікірді ұстанды. Дей тұрғанмен, сайлау комиссиясының құрамындағы саяси партиялардың әр алуан өкілеттіктерінің жеткіліксіздігі сайлау комиссиясының мүшелеріне сайлау әдісін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

2005 жылғы президенттік сайлауда мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлері болып табылатын УСК мүшелерінің саны шамамен 55 пайызды құрады. Көптеген УСК құрамында бір мекеменің немесе компанияның бірнеше қызметкері болды. Сайлау туралы Заңға сәйкес сайлау комиссиялары «бір ұйымның қызметкерлерінен тұрмауға тиіс». Егер басқа мүшелермен салыстырғанда комиссия мүшелерінің біреуі басқа ұйымда істейтін болса, ОСК осы талапты қанағаттандырылған деп санады. Солай бола тұрса да, оның мүшелерінің көпшілігі

бір үйімда жұмыс істесе және өзінің тұрақты жұмыс орны бойынша тағы бір комиссия мүшесінің қол астында жұмыс істейтін болған жағдайда комиссияның тәуелсіздігі күмән тудырады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ шешім қабылдау үшін комиссияның көпшілік даусы бір үйімды білдіретін дауыстардан қалыптасқан жағдайларды байқады¹⁰.

Сонымен қатар, кейбір комиссияларда мүшелік толық болмады, оның өзі прокуратурамен де, кандидаттармен де көтерілген мәселе болды. УСК кейбір мүшелері жоғары тұрган сайлау комиссияларымен сайлау үдерісінің соңғы кезеңінде тағайындалды; оған қарамастан, бұл комиссия құрамындағы тепе-тендіктің өсуіне көмектеспеді.

Сайлау алдындағы кезеңде ОСК жалпы алғанда жүйелі түрде отырыстар, баспасөз үшін әр апталық брифингтер және оның жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететін басқа шаралар өткізе отырып, сайлауды жалпы ашық әдіспен дайындағы. 16 қыркүйекте ОСК қаулы қабылдады, онда сайлау органдарының жұмысын жақсарту және ашықтығын арттыру бойынша бірқатар шаралар атап өтті. Осы шараларға электронды дауыс беру жүйесін тек біртіндеп енгізу, ашық отырыстарды өткізу, ОСК шешімдерін жариялау және ОСК веб-сайтында сайлау участеклері бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялау¹¹ кірді. 2004 жылы парламенттік сайлаудан кейін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынған осы шараларды қолдану жағымды бағаға ие болады.

Сайлау үдерісін жақсартуға бағытталған ОСК басқа шаралары арасында, «Сайлау кампаниясының барлық субъектілеріне жсолдау»¹² қабылдауы мен кандидаттар мен олардың өкілдерімен жүйелі түрде кездесулер өткізуі. Осы шаралардың барлығын бірге алып алдыңғы сайлаумен салыстырғанда ОСК жұмысының жақсарғаны көрінеді.

Солай бола тұрса да, кейбір мәселелер бойынша ОСК жұмысы одан да жақсы болуы керек еді. Кандидаттардың өкілдері, бақылаушылар және бұқаралық ақпарат қуралдарының өкілдері дер кезеңде ОСК отырысына шақыру қағазын алмады. 16 қыркүйектегі шешімдердің кейбір тармақтары, соның ішінде үгіт жүргізу кезеңіндегі БАҚ-тың әділдігін қамтамасыз етуге және ішкі бақылаушыларға өз құқықтарын толығымен іске асыруға мүмкіндікті қамтамасыз етуге қатыстысы толығымен іске асырылмады¹³.

Белгілі бір мәселелер бойынша тиісті заңнаманы түсіндіру жұмысының болмауы оларды дұрыс түсінбеуге және сайлау үдерісі кезінде шатасуларға экелді. Осындағы проблемалар кандидаттарды тіркеу, қол жинақта, дауыс беру үшін конверттерді пайдалануға және дауыс беру үшін босатылған күзеліктерді дайындау және жолдауға қатысты байқалды. Қағаз сайлау бюллетеньдері үшін конвертті пайдалану шешімі сайлау үдерісінің соңғы кезеңінде қабылданды, алайда 28 қарашада бірнеше кандидаттар мазасыздық білдірғеннен кейін ОСК өз

¹⁰ Бірқатар жағдайларда УСК барлық мүшелері, біреуінен басқасы УСК орналасқан мектепте жұмыс істеді, мысалы, Есік сайлау округында (Алматы облысы), №№231, 233, 334, және 864 участекері; Қызылорда облысында, №207 участекі; Ақтөбе облысында, №№1 және 6 участекер. Атырау облысының участекерінде, №70 участекі, мектеп директоры комиссияның төрағасы болды, ал барлық мүшелері осы мектептің мұғалімдері болды. Басқа жағдайлар Астана қаласында болды (№5 участекі), Өскеменде (№№498, 204, 1000 участекері) және Қостанайда (№№5, 50, 66, 44, 30, 2, 136 участекері).

¹¹ Веб-сайтта сайлау участекері бойынша нәтижелерді жариялау толығымен іске асырылмады, хотя, вероятно, бұл сайлау туралы Заңына қосымша түзетулер енгізуді талап етуі ықтимал (төмендегі «Қорытындыны жариялау» белгімін қараңыз).

¹² Осы күжат кандидаттардың, сайлау комиссиялардың, басқа органдардың және БАҚ сайлау заңнамасының маңызды ережелері туралы есіне салды және сайлау кампанияларының барысында оған жиі сілтеме жасалды.

¹³ Төмендегі «Сайлау күні» белгімінде сипатталатында жергілікті бақылаушылардың кейде дауыс беру және дауысты санау үдерістерін бақылау мүмкіндігі шектелді және оларға дауыс беру нәтижесінің нәтижелері туралы хаттама көшірмелері әрдайым берілмеді.

шешімін осы себеп бойынша жойды. Тек 11 қарашада қабылданған ОСК осы құжаттарды пайдаланған кезде ықтимал асыра пайдаланушылықты болдырмауға ұмтылыс болған дауыс беру үшін босатылған куәліктермен жұмыс тәртібі туралы шешімі, төмен түрған комиссия мүшелері арасында кейбір шатаққа әкелді де осы назар аударуды талап ететін мәселеге толық есеп берілуін қамтамасыз етпеді.

26 қарашада ОСК сайлау күні рәсіміне қатысты сайлау туралы Заның ережелерін түсіндірген екі шешім қабылдады. Бір шешімде электрондық дауыс беру пайдаланылатын сайлау участеклерінде бақылаушылар және кандидаттардың сенімді өкілдерінің сайлау нәтижелері туралы үш хаттаманың да көшірмесін алуға құқығы бар болса¹⁴, екінші шешім жеке басты күәландыру үшін қандай құжаттарды пайдалануға болатынын түсіндіреді.

Сайлау кезеңінде ОСК төмен түрған сайлау комиссияларының мүшелерін оқытуды ұйымдастырыды, УСК мүшелері үшін нұсқаулар ұсынды және нұсқамалар әзірледі. Төмен түрған сайлау комиссияларының жақсы оқытылып және олардың алдына қойылған міндеттерді орындау үшін дайындалғаны көрініп тұр, солай бола тұrsa да, дауыс беру және дауыстарды санау барысында байқалған проблемалар оқытудың тиімділігіне қатысты сұрақтар туғызады. ОСК электронды дауыс беруге ерекше назар бөле отырып, сайлау рәсімдерін түсіндіре отырып және сайлау үдерістерінің әр түрлі кезеңдерінің барысы туралы сайлаушыларды хабардар ете отырып, оларды оқыту және жұмылдыру бойынша кең ауқымды кампанияны өткізді.

АСК және басқа төмен түрған сайлау комиссиялары жалпы алғанда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ынтымақтастықта жұмыс істеді және бақылаушыларға қажетті ақпараттарды берді. Солай бола тұра, көптеген АСК жүйелі түрде отырыстарды өткізбеді немесе осындай отырыстар туралы бақылаушыларды дер кезінде хабардар етпеді. Осының нәтижесінде, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ АСК-ның аздаған мөлшердегі отырыстарына ғана қатыса алды.

Сайлау алдындағы кезеңде сайлаушылар тізімін анықтау бойынша ұмтылыстар жасалды. Бәрі танысу үшін 18 қарашаға белгіленген сайлаушылардың тізімін беру мерзімі сақталды және тізімді анықтауда бірқатар сәйкесіздіктерді анықтай отырып, сайлау комиссиясынан қателерді жоюды талап еткен прокуратура органдары жағымды рөл атқарды. ОСК ақпараты бойынша тексеру кезеңінен кейін дауыс құқығы бар сайлаушылардың саны 100 000 астам адамға артып сайлау басталатын күні жалпы саны 8 702 000 адамға жетті.

Әр түрлі органдардың үлкен күш жұмсауына қарамастан, сайлаушылар тізімінің нақтылығын әрі қарай арттыру талап етіледі, оны сайлау күні шамамен алғанда 100 000 сайлаушының қосынша тізімге енгізілгені көрсетіп отыр. Кейбір сайлау участеклерінде тізімде талап етілген мөр және жергілікті атқарушы органдары жетекшілерінің қолы болмады. Бірқатар жағдайларда бүкіл ел бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылағанда, өздерін тізімге кіргізуін талап еткен сайлаушылар керекті құжаттарды ұсынбады, ал УСК оларды тізімге енгізу туралы ресми шешім қабылдамады. Бұл сайлау күні бірқатар жағдайда, тіптен тізімдерді өз уақытында тексергендеріне қарамастан, сайлаушылардың өздерін тізімнен таба алмауына әкелді.

¹⁴ Сайлау участеклерінде электронды дауыс беру мүмкіндігімен дауыс беру нәтижесі туралы мынадай үш хаттама жасалды: бір хаттама қағаз бюллетеньмен дауыс беру нәтижелері бойынша, екінші хаттама протокол по результатам электронды дауыс беру нәтижелері бойынша және жалпы хаттама екі хаттаманың сандары біріктірілген дауыс беру нәтижелері туралы.

VI. ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ

Электронды дауыс беру Қазақстанда 2004 жылы парламенттік сайлауда алғаш рет пайдаланылды. 2005 жылғы президенттік сайлауда «Сайлау» электронды дауыс беру жүйесі сайлау участекелерінің шамамен 15 пайзызында пайдаланылды, оның өзі 2004 жылғы парламенттік сайлаумен салыстырғанда біртіндеп өскенін көрсетті (10 пайзыз)¹⁵. 1 451 электронды дауыс беретін сайлау участекесі шамамен алғанда сайлаушылардың 32 пайзызына қызмет көрсетті. Электронды дауыс беру үшін жабдықталған участекелерде электронды дауыс беру мен қағаз бюллетендерді пайдалана отырып дауыс беру арасында таңдау мүмкіндігін беру, сондай-ақ осы шешім қабылданғанға дейін сайлаушыларды қағаз тізімінде белгілеуге бұрынырақ қабылданған ОСК шешімі жағымды бағаға ие болады¹⁶.

Алдыңғы сайлау уақытынан бастап «Сайлау» жүйесі жетілдірілді және штрих-код құрылғысын оқытын, 2004 жылғы сайлауда пайдаланғанды алмастыруши дауыс берудің сенсорлы терезелі терминалы сайлаушылар пайдалану үшін қарапайым болды. Одан басқа – 2004 жылғы сайлаудан өзгешелігі – кандидаттардың біреуінде таңдамай дауыс беру мүмкіндігі пайда болды (оның өзі урнаға бос бюллетені салғанмен бірдей). Солай бола тұрса да, дауыс беру нәтижелері туралы хаттамада «бос электронды бюллетенъдер» берілген саны тіркелмеді, ал оны шығару қажет болды, ол барлық деңгейде жүргізілуі мүмкін ықтимал тексерулердің дұрыстығын төмendetеді. Одан басқа, дауыстарды санаған кезде бұл елеулі шатысуларды тудырды, себебі УСК осы «бос» бюллетендерді қалай және қайда тіркеуді білмеді.

Электронды дауыс беруді пайдалануға сайлаушыларды шақырған кең ауқымды ақпараттық кампания жүргілгеніне және сайлау участекелері бойынша дауыс беру нәтижелерін ашық хабарлау үшін хаттама кешендерін ендіруге қарамастан, электронды дауыс беру жүйесінің кейбір элементтері әлі де болса жұртшылық тарапынан сенімділіктің жетпеушылығының жалғасуына жағдай жасауда. Осы жүйеде әлі де болса сайлау жүргізілген кезде туындаған даулы жағдайда пайдалануға болатын қағаз тасымалдаушымен дауыс беруді растауды қоса алғанда, ашықтықты және жұртшылықтың сенімін арттыратын тексерудің сенімді механизмдері жоқ.

Тағы бір нәрсе, сайлаушыны дауысымен шатастырып алмауды көздеген жүйе дауыстар жеке сақталынбайтындар етіп құрылған. Осының жанама әсер дауыс санауды жүргізудің мүмкін еместігі болып табылады. Сайлау участекесінде сенімді контейнерде қағаз тасымалдаушыда бір немесе бірнеше жазбалар сақталған кезде, құжаттық растаманы енгізу осындағы қайта санауды мүмкін етер еді.

2004 жылдағыдай сайлаушылармен өндірілетін төрт мәндік кодты пайдалану негізгі проблема болып қалды. Осындағы кодты пайдалану мақсаты сайлаушының тиісті дауыс берілген кандидаттың атына қарама қарсы барлық бақылау кодтарының тізімі берілген бақылау хаттамасымен таныса отырып, оның даусы дұрыс жазылды ма, жоқ па тексеру мүмкіндігінде болады. Осындағы шара электронды дауыс беру жүйесіне жұртшылықтың сенімін нығайтуға бағытталғанына қарамастан, бақылау коды, оны үшінші тарапқа хабарлаған кезде сайлаушының қалай дауыс бергенін көрсете алады. Бұл дауыс беру құпиялығын бұзуга, сондай-ақ қорқытуға мүмкіндік береді. Жоғарыда сипатталған жолмен сайлаушымен тексерілетін құжаттық растауды пайдалану бақылау кодының қажеттілігін жоққа шығарар еді.

¹⁵ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ құрамына электронды дауыс беру бойынша үш сарапшы кірді.

¹⁶ Электронды дауыс беруді таңдаған сайлаушылар, әдеттегі режимдегі электронды дауыс беру жүйесінің жұмысының бір бөлігі болып табылатын сайлаушылар тізімінде электронды көшірмесінде белгіленеді.

«Сайлау» жүйесін сертификациялау және сынау үдерісінің әлі де болса ашықтығы жоқ. 2004 жылғы сайлау алдындағыдан осы сайлау алдында да жүйені тексеру бір жеке компаниямен жүзеге асырылды. Бұл компания дауыс беру жүйесі және оның негізгі компоненттері мемлекеттік құпия болып табылатын стандарттарға сәйкес сынақтан өтілгенін атап өтті. Сондықтан бұл стандарттарды құптаудың лайықтығын бағалау мүмкін емес болды. Жүйенің көптеген қырлары тексеру жүргізуге шынымен де жағдай жасаса да, болашақтағы сайлауды жүргізуіді жетілдіру мақсатында проблемаларды дер кезінде анықтауға жағдай жасайтын тұрақты тексеру үдерісі бар жоғы әлі де анық емес. Оқиғалар журналы да, участеклердегі артық жазбалар да жүйелі түрдегі тексеруден өтпейтіні көрініп тұр. ОСК және оның ақпараттық технологиялар Орталығының қызметкерлері дауыс беруге арналған терминалдар және карточкалар туралы техникалық сипаттағы сұраптарға жауап берсе алмады, оның өзі осы жабдықты ұсынған мердігерлер ОСК тарапынан басшылық жеткіліксіз болған кезде еркінен тыс артық дәрежеде жұмыс істегенін болжауға мүмкіндік береді.

Мезгіл сайын, екі сағаттық интервалмен, сайлаушылардың келуі туралы деректерді ОСК модем арқылы беруге арналған дауыс беру участеклеріндегі компьютерлердің байланыс сеанстары, бұл жағдайда ешбір елеулі қызмет орындалмай, дауыс беру жүйесінің қол сұғумаушылығын бұзы мақсатында қолайсыздыққа ұшыратуы мүмкін.

Сайлау алдындағы кампания барысында Президент Назарбаевтан басқа бес кандидаттың төртеуі, Әблілқасымов мырза ОСК жіберілген ресми петицияға қол қоймаса да, электронды дауыс беруді пайдаланбауга өз жақтастарын шақырып Орталық Сайлау Комиссиясынан электронды дауыс беруді жоюын талап етті. Электронды дауыс беру мен қағаз бюллетеньдерді пайдалана отырып дауыс беру арасында таңдау мүмкіндігі бар және электронды дауыс беруді қалаған сайлаушылардың пайыздық үлесі 13,6 пайызды (2 891 924 адамның 395 287) немесе барлық тіркелген сайлаушылардың 4,5 пайызын құрады.

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Кандидаттарды ұсыну мерзімі аяқталған соң (4 қазанда), ОСК үміткерлерді кандидат етіп тіркеу үшін олардың қажетті құжаттамаларды ұсынуға 20 күні болды. Республика Президенті болып қырықтан жас емес, мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін және Қазақстанда кем дегенде 15 жыл туратын Республиканың азаматы сайлануы мүмкін.

Тіркеу үдерісі жалпы алғанда ымырашылдық сипатта болды және бес кандидатты тіркеумен аяқталды. Бастанқы 18 үміткердің төртеуі қазақ тілін еркін менгеруінің міндетті емтиханын тапсыра алмады, біреуі осындағы емтиханды тапсырмады және де тағы екеуі тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін өз мәлімдемелерін кері қайтарып алды. Алты үміткерді тіркеуден бас тартылды, себебі олар өзін қолдауға қажетті мөлшерде қол жиналған алмады, кандидаттың сайлау жарнасын толегенін куәландыратын құжат және/немесе салық инспекциясынан анықтама тапсыра алмады.

Сайлау туралы Заңда құжаттарды және жиналған қолдарды кандидатты тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін тапсырудың жеке мерзімі көзделмеген. Сайлау туралы Заңмен сайлау комиссияларына қойылған қолдарды тексеру үшін он күнге дейін уақыт бергендейктен, бұл әлуитетті кандидаттарды шатыстыруға әкелуі мүмкін. Үміткерлерге өздерін қолдауға жиналған қолдарды тіркеу аяқталғанға дейін он күннен кешіктірмей беруін ұсынатын мәлімдемемен ОСК сөз сөйлемеді, алайда мұны оның ұсынған күніне тек бір күн қалғандағанда жасады.

Осындай анықтықтың жетіспеушілігі кандидат ретінде үміткерлердің біреуін, сенатор Уәлихан Қайсаровты тіркемеуге ОСК шешім қабылдауы болды деген ой келеді. ОСК сенатор Қайсаровтың өзін ұсынуын қолдауға шын қойылған қолдардың мөлшерін жеткіліксіз түрде ұсынды деп мәлімдеді. Сенатор Қайсаров осы шешімге Жоғары сотқа шағым жасады, алайда сот ОСК шешімін күшінде қалдырыды.

Кол жинау үдерісіне қатысты көптеген шағымдар тұсті, олардың көбі кандидаттардың біреуін қолдауға өз қолын қайта шақырып алуды талап еткен сайлаушылардан болса, басқасы осы қолдардың жалған екеніне шағымданды.

VIII. САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ

A. ШОЛУ

Сайлау алдындағы үгіт 25 қазаннан бастап 2 желтоқсанға дейін өтті. Бес кандидаттан тұратын топтың бар болуы сайлаушылардың таңдау жасауына мүмкіндік беруіне қарамастан, үгіттеу барысында 1990 жылғы Копенгаген құжатының 5.4, 7.6, 7.7 және 9.1 параграфтарына қайшы келетін бірқатар елеулі кемшіліктер атап өтілді. Билік органдарының сайлау алдындағы кампанияға араласуы кандидаттардың өздерінің саяси көзқарастарын еркін білдірге мүмкіндіктерін шектеді, оның өзі барлық бәсекелестер үшін ойынның бірдей ережелері аренасының болмауына әкелді. Сайлаудың барлық кезеңі ішінде қорқытумен бірге бұл сайлаушылардың өз кандидатын таңдауға қатысты өз қалауын шын мәнінде таңдауына, пайымдауына мүмкіндігі болмады.

Байменов мырза және Тұяқбай мырза өз үгіт кампаниясын белсенді жүргізді және елдің көпшілік аймақтарын аралап қайтты. Әбілқасымов мырза және Елеусізов мырза да аймақтарда үгіт кампаниясын жүргізгенімен, ол кем дәрежеде өтті. Назарбаев мырзаның мәлімдеген стратегиясы үгіттеуге жеке қатысадан бас тартуында болды, солай болса да ол өзінің реесми лауазымымен бірнеше аймақтарда болып қайтты¹⁷. Одан басқа, Президенттің үгіт командасы бірнеше қоғамдық іс шараларды ұйымдастыруды немесе оның кандидатурасын ұсыну үшін қатысты¹⁸. Дариға Назарбаева – парламент депутаты, «Асар» партиясының басшысы, Президенттің қызы және мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғалары Президент үшін үгіттеді. Сайлауды тағайындағанға дейін Президент Назарбаев елдің аймақтарын ұзақ сапармен аралап қайтты.

Бас прокуратура хатының және Алматы аудандық мамандандырылған сотының шешімі негізінде қазіргі кезде АҚШ Федералды сотымен ісін қарауды күтіп отырған Джеймс Гифfen ісі бойынша көпшілік пікірсайыстарына тыйым салынған. 2003 жылғы 2 сәуірде Гифfen мырзага Қазақстанның жоғары лауазымды тұлғалары мен мұнай келісім-шарттар арасында жүргізілген байланыстар, шетелдіктерді паралар беріп сатып алуға тыйым салу туралы АҚШ заңын бұзғаны үшін реесми айып тағылған болатын.

Кез келген тұлға оның кінәсі дәлелденбейінше (сөз еркіндігі және қарым-қатынас еркіндігі құқығына қол сұғышылық үшін құқықтан әділ сотқа заңсыз ауыстырылған қағида) кінәлі еместігі туралы дәлелдеме пайдаланылған және осындай пікірсайыстар президенттікке кандидаттың (Сайлау туралы Зан, 27.7-бап) және Президенттің (Қылмыстық Кодекс, 318-бап)

¹⁷ Шымкент (2 қараша), Кентау (4 қараша) және Алматы (7 қараша).

¹⁸ Олардың арасында Астанада, Алматыда және Ақтөбеде 25 қазанда Республика Күнін мерекелеу бойынша реесми шаралар өткізілді.

«намысы мен беделін қорлау болып табылады». Бұл шешімдер жалпыға ортақ ақпаратқа қатысты өзін өзі көрсету еркіндігін пайдалануға азamatтар құқығын шектеу болды.

B. КАМПАНИЯ КӨРІНІСІ

Көз мөлшермен қарағанда, Президент Назарбаевтың жарнама қалқандары, транспаранттары және плакаттары бүкіл ел бойынша сайлау алдындағы үгіт барысында басым болғаны ақиқат. Кампанияның бастапқы кезеңінен-ақ, ол ірі және шағын жарнама қалқандарындағы монополияны пайдаланды.

Байменов мырза және Тұяқбай мырза ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ оларға әсіресе, жарнама қалқандарына қатысты, өздерінің жарнамалық материалдарын орналастыру үшін орын бөлінбегенін хабарлады және жергілікті әкімшілік органдары мен жеке компаниялар бос аландардың жоқтығын хабарлады, Президенттің кампаниясына бұл жағдай әсер етпеді. Осындай қындық болған жерлерде СБМ бақылаушыларымен расталды. Сайлау үдерісінің соңғы кезеңінде осы және басқа кандидаттарға, әсіресе Алматы мен Астана қалаларындағы жарнама қалқаншаларындағы аландардың белгілі мөлшерін алудың сәті түсті. Солай бола тұрса да, сайлау алдындағы кампаниядағы көзге көрінетіндегі елеулі теңсіздіктер сақталды.

Одан басқа, Назарбаев мырзаның оның ресми мемлекет басшысы ретіндегі жарнамалық қалқандар мен траспаранттар түріндегі кең ауқымды мемлекеттік жарнамасы ілулі тұрды. Осы жарнамалық материалдар бүкіл үгіт кезеңінде ілінген күйі тұрды. Сайлау органдарының қызметкерлері және жергілікті әкімшілік органдарының шенеуінктері (мысалы, Астанада) «ресми» жарнама үгіт болып табылмайды деп пайымдады және соңдықтан да оны қалдыруға рұқсат етті.

Көптеген сайлау алдындағы штабтардан, соның ішінде Президент штабынан түскен шағымдардың көпшілігі басқа кандидаттардың беделін түсіру үшін жағымсыз, қадірін кетіретін және арандатушылық үгіт материалын пайдалану болды. Осындай материалдар үгіт материалдарына қойылатын құқықтық талаптарға сәйкес келмеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Назарбаев мырзаның командасынан оның қарсыластарымен жіберілген бұзушылықтар туралы көптеген шағымдар алғанын атап етті.¹⁹ Кейбір жағдайларда осындай бұзушылықтар үшін соттар әкімшілік шара қолданды. Назарбаев мырзаның қарсыластарынан да осыған үқсас шағымдар түсті.

C. САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ КАМПАНИЯНЫ ӨТКІЗУ ЖАҒДАЙЫ

Жергілікті билік органдары ашық аспан астында да, үй-жайларда да кездесулерді ұйымдастырған кезде әрекет еркіндігіне ие болғандай әсер қалдырды. «Бейбіт жиналыстарды, митинглерді, салтанатты жүрулерді, бөгеуілдерді шерулерді ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңының талаптарына сәйкес кандидаттар сайлаушылармен ашық аспан астында жиналыс өткізуге оны өткізгенге дейін он күн бұрын рұқсат алу қажет. Тұяқбай мырзаның штабы, соның ішінде осы ережеге өзінің наразылығын билдірді, ел бойынша жалпы берілген 51 өтінімнен тек бес кездесуге рұқсат берілгенін және тек біреуі ғана қалаған орында өткізілгенін атап өтті. Барлық жағдайларда да, кездесу үшін берілген орынның біреуін қоспағанда, қалғаны қала орталықтарынан белгілі қашықтықта орналасты.

¹⁹ Мысалы, плакаттарды белгіленбеген жерге орналастыру, плакаттарды алғып тастау, шығыс деректерінен жарнамалық материалдарды тарату

Жергілікті әкімшілік органдары бүкіл республика бойынша барлық кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін анықталып белгіленген үй-жайлар берді. Дей тұрғанмен, осы жағымды практика, негізінен Тұяқбай және Байменов мырзалармен кездесулерге қатысты үгіт іс шараларын болдыртпауы немесе оларға араласудың көптеген жағдайларымен бұзылды. Тұяқбай мырза және Байменов мырзаның өкілдері жергілікті әкімшіліктің араласу жағдайлары туралы мәлімдесе де, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ көпшілік жағдайда осындай бұзушылықтар кейде үйімдастырылған түрде әрекет еткен жеке тұлғалармен жасалғанын атап өтті.²⁰ Сайлау күні жақындаған сайын осындай бұзушылық әрекеттері кәдімгідей төмендеді. Өзге кандидаттар тап осындай қыспаққа үшірамады.

Сондай-ақ, Тұяқбай мырза және Байменов мырза, оларға электоратпен кездесуді өткізу үшін берілген жайлар тым шағын немесе алыс орналасқандығына шағымданды. Одан басқа, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ осы екі кандидатпен кездесулер жергілікті билік органдарының шенеуініктерімен не болмаса құқықкорғау органдарымен бейнетаспаға түсірілгені иә аудиотаспаға жазылуы жағдайын байқап қалды.²¹

Үгіт материалдарын таратқан немесе сайлаушылармен байланысуға ұмтылған кампания белсенділерін ұстап алған жағдайлары елеулі мазасыздық туғызды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ тікелей осындай жағдайларды тікелей байқады, ал сайлау штабтары және құқықкорғау органдары басқа да тап осындай оқыс оқиғалар туралы хабарлады²². Одан басқа, 11 қазанда АҚШ Мемлекеттік Хатшысымен жоспарланған кездесуге бір күн қалғанда «Әділ Қазақстан үшін» қозғалысының көшбасшысы Төлен Тоқтасынов ұсталып, кездесу болмай қалды. Ол үгіт басталғанға дейін санкцияланбаған митингке қатысқаны үшін ашық ордер бойынша тұтқындалды.

Одан басқа, СБМ бірнеше дүркін үгіт материалдарын тасымалдайтын көлік құралдарын тексеру және тінту үшін тоқтатылғаны туралы хабар алды; осындай бірнеше жағдайды ол тікелей бақылады²³. Бұл жағдайлар тиісті кандидаттармен мемлекеттік қауіпсіздік қызметтері тарапынан олардың серіктестерін қорқытуға ұмтылыс және олардың үгіт кампаниясын өткізуіне кедергі келтіру болып есептелінді. Бірнеше жағдайларда ОСК ұсталынған тұлғалардың занға сәйкес келмейтін үгіт материалдарын таратқандарын мәлімдеді²⁴.

Одан басқа, Назарбаев мырза мен Тұяқбай мырзаның сайлау алдындағы кампанияларының үгітшілерін белгісіз тұлғалардың соққыға жықкан жағдайлары туралы хабарланды. Тұяқбай мырзаның үгітшілеріне қатысты соққыға жығудың екі жағдайы Ақтөбе және Петропавл қалаларында болғаны ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушыларымен расталды. Тұяқбай мырзаның Ақтаудағы аймақтық сайлау штабының басшысымен байланысты үшінші жағдайда Ішкі істер министрлігі СБМ екі тұлғаның ұсталғанының және тергеу әлі аяқталмаса да, осы шабуылдың саяси дәлелінің жоқтығын хабарлады. Түркістандағы Президент Назарбаевтың кампаниясының

²⁰ Осындай жағдайлар Павлодар облысында (Екібастұз), Қарағанды облысында (Саран және Майқұдық), Солтүстік Қазақстан облысында (Бішкөл) және Қостанайда байқалды.

²¹ Қарағанды облысында Байменов және Тұяқбай мырзалармен кездесулердің Облыстық ішікі саясат болімінің шенеуініктерімен бейнетаспаға түсіру байқалды, ал Ақтауда Ішкі істер министрлігінің қызметкерлерімен Тұяқбай мырзамен кездесудің аудиотаспаға жазылуы байқалды.

²² Осындай екі жағдай тікелей Ақтөбеде байқалды. Одан басқа, СБМ осындай оқыс оқиғалар туралы Ақтөбeden (Байменов мырзаның сайлау алдындағы штабынан), сондай-ақ Алматы, Қызылорда, Ақтөбе және Талдыкорғаннан (Тұяқбай мырзаның сайлау алдындағы штабынан) хабар алды.

²³ Осындай екі жағдай Тараз және Қарағанды қалаларында тіркелді, Тұяқбай мырзаның сайлау алдындағы штабы басқа жағдайлар туралы да хабарлады.

²⁴ Мысалы, үгіт материалдарында басып шығаруши, баспа орны, басып шығару күні және басқа ақпарат болуын талап ететін Сайлау туралы Заңының 23-бабын бұзуда анонимдік баспа материалдарды тарату.

белсендісіне шабуыл жасауға қатыстыға келетін болсақ, бұл ақпараттың анықтығын тексеруге СБМ мүмкіндігі болмады.

Алматы және Ақтөбе қалаларында Тұяқбай мырзаның сайлау штабының қызметкерлері олардың штабы орналасқан үй-жайдың болжаммен мемлекеттік қауіпсіздік қызметтері және құқыққорғау органдары тарапынан бейнебақылауда екенін анықтады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушыларына осындай бақылаудың дәлелдері ұсынылды.

Сайлау күніне жақынырақ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бірнеше университеттердің ректорларымен және оқытушыларымен студенттерді сайлауда дауыс беруге, оқта тексте Президент Назарбаев үшін дауыс беруге мәжбүрлеу туралы хабар ала бастады. СБМ бақылаушылары осындай үш жағдайда болғанын растиды. Студенттер бағынбаған жағдайда, стипендиядан алып тасталатыны немесе университеттен шығарылатыны туралы қорқыту орын алды. Одан басқа, Семей және Өскемен қалаларының кейбір мұғалімдерін және жеке компаниялар қызметкерлерін, егер олар әрекет етуші Президентке дауыс бермейтін болса, жұмыстан шығарылады деп қорқытқан. Кейбір жағдайларда мұғалімдер мектеп директоры тарапынан Назарбаев мырзаның үгіт іс шараларына қатысуға мәжбүрлеу туралы хабарлады²⁵.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізуің жалпы жағдайына 16, 17 және 25 қарашада Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы және Ішкі істер министрі сөз сөйлеген үш жеке мәлімдеме әсер етті, онда құқыққорғау органдарымен оппозициялық топтардың ықтимал қақтығысу және арандатуларды үйімдастыру үшін өздігінен қаруланып жатқандығы туралы мәлімет алғаны және осындай оқыс оқиғалар күш қолдануды пайдалана отырып тоқтатылатындығы ескеrtlіді. Оппозицияның кандидаттары осы мәлімдеменің арандатушылық сипаты болғанын және тұрғындар арасында қорқыныш тудырғанын атап өтті. Президент Назарбаевтың штабы осы мәлімдеменің басқалар үшін ескеरту сияқты екенін түсіндірді және ресми органдардың күмәнсіз дәлелі бола тұрса да, оны олардың жария етуге міндетті еместігін атап өтті.

«Саяси партиялар туралы» заңының шектеуші сипаты сондай-ақ «Нағыз Ақ Жол» партиясын тіркеуден бас тарту және «Алға!» саяси партиясын тіркеуді баяулату салдарынан сайлауда өз рөлін атқарды²⁶. «Нағыз Ақ Жол» партиясымен болған жағдайда Әділет министрлігі олардың мүшелерін олар туралы ақпараттың нақтыланбауымен байланысты біліктілігінен айыру себебінен өтінішін қабыл алмады. Осы заңға сәйкес әлуettі саяси партия 50 000 мүше, және де әр облыстан 700-ден аз емес ұсынуға тиіс. Министерліктің шешімі «Нағыз Ақ Жол» партиясының Астанада 138 мүшесі жетпей қалуына әкелді.

«Алға!» партиясымен болған жағдайда, заң бойынша тіркеу туралы шешім 30 күн ішінде қаралуға тиістігіне қарамастан, 30-шы күні ақпаратты тексеру үшін үдеріс тоқтатылды да «Алға!» партиясын тіркеуге осы қабыл алмауды сотқа шағымдану құқығынан айырды. Осындай кейінге қалдыру заңмен көзделсе де, ешқандай уақытша шенбер айтылмаған. Бұл қыындықтар оппозициялық партиялардың өз кандидатын тіркеуге мүмкіндігінің болмауына және ол үшін үгіт жүргізуде 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.6-тармағының бұзылуына әкелді.

12 қарашада «Әділ Қазақстан үшін» қозғалысының Саяси кеңесінің мүшесі және бұрынғы министр Заманбек Нұрқаділов, Алматыда екі оқпен кеудесінен жарақат алып, бір оқпен

²⁵ СБМ бақылаушыларына осы жағдайлар туралы Алматы, Ақтау, Караганды және Шымкенттегі жәбірленушілердің өздері хабарлады.

²⁶ «Алға!» партиясы 2004 жылғы парламенттік сайлау қорытындысына қарсы көшедегі наразылық шеруіне шақырғаннан кейін, «ұлттық қауіпсіздікті бұзғаны» үшін 2005 жылғы қантарда тіркелуден айрылған «Қазақстанның демократиялық тандауы» (КДТ) саяси партиясының мұрағері болып саналады.

басынан атылып, өлтіріліп өз үйінде табылды. Тергеу өлімнің себебін өзін-өзі өлтірген деп таныды. Үгіт кампаниясы кезінде осы жағдай мезгіл сайын қоғамда елеулі жаңғырық тудырып отырды.

Сайлау кезінде КДТ бұрынғы көшбасшысы және оппозицияның көшбасшыларының бірі Фалымжан Жақиянов көп жағынан саяси дәлелді ретінде «қызмет жағдайын асыра пайдаланған және өкілеттік лауазымын арттырған» деген айып бойынша 2002 жылдың тамызында шығарылған үкіммен мерзімін өтеуде болды. Сайлаудан кейін Жақиянов мырза шартты-мерзімінен бұрын босатылды.

IX. БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

A. БАҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Қазақстанда тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын 2 110 БАҚ бар, олардың 184 электронды БАҚ және 11 ақпарат агенттігі болып табылады²⁷. Қазақстандағы саяси ақпараттың басты көзі теледидар, содан кейін газеттер мен радио болып табылады²⁸. Бұқаралық ақпарат құралдарының көшілілігі жеке тұлғалардың иелігінде, олардың тек аздаған мөлшері тәуелсіз және саяси жағдайларды шынайы және нақты деректермен ұсынатын болып саналады.

БАҚ және YΕΥ секторындағы кейбір сұхбаттасушылар, өз БАҚ редакциялық саясатын иегерлер бакылаған кезде, медиа-меншіктерінің жоғары шоғырлануына байланысты БАҚ еркіндігі шектелгенін көрсетті. Одан басқа, Президенттің намысын және беделін қорлауға қатысты құқықтық ережелер, оларды бұзу үш жылдық мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға әкеледі, кейбір хабарлар бойынша журналисттер өз цензурасын машықтайтын және жалпы алғанда сөз бостандығын шектейтін жағдайдың қалыптасуына көмектеседі.

Оппозицияны ұнататын бірқатар баспа БАҚ өкілдері ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жаңа БАҚ тіркеудің қындығы, баспаханаларда басылып шығаруға рұқсат алу және бөлшектеп тарату желілерін пайдалану қындықтары, сондай-ақ жарнама нарығындағы оппозициялық газеттердің қын жағдайлары туралы хабардар етті. Газеттерді тіркейтін Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі техникалық мәселелерден басқа тіркеумен қындықтың болғанын жоққа шығарды және қалған мәселелер үкімет құзыретінен тыс екенін және бөлшектеп тарату желілері мен баспаханалардың көшілілігінің жеке меншік иелерінің қолында екенін мәлімдеді. Министерлікте хабарлағанында оппозициялық газеттерге өз қызметін жүзеге асыруға кедергілер болған жоқ, сондай-ақ сайлау алдындағы кезеңде олардың таралымы елеулі өсті.

БАҚ саласындағы жаңа заңнаманы қабылдауға қатысты жалпыға ортақ пәтуаға келуге қарамастан, БАҚ әлі күнге 1999 жылғы БАҚ туралы заң талаптарына сәйкес келмейтін талаптар шенберінде өз қызметін жалғастыруда, бұл жағдайда жақын арада оған түзетулер енгізу немесе жаңа заңмен алмастыру күтілуде. 2005 жылғы сәуірде парламентпен бекітілген «Интернет желісінде қазақстандық домендік кеңістік сегментін үlestіру ережесі» веб-домендерді тіркеу рәсіміне қатысты шектеу шараларын белгіледі²⁹.

²⁷ Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің статистикалық деректері, қыркүйек 2005 ж.

²⁸ Халықаралық Республикалық институт/АҚШ халықаралық даму агенттігі және Гэллап институтымен жүргізілген Қазақстан бойынша елдік шолу, қыркүйек 2005 ж.

²⁹ См. документы Представителя ОБСЕ по вопросам свободы СМИ 2005 жылғы 27 қыркүйектегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының заң жобасын талдау» БАҚ еркіндігі мәселесі бойынша ЕҚЫҰ Өкілінің құжатын, және 2005 жылғы 28 қазандығы “Қазақстанның домендік кеңістігін үlestіру ережесі”, www.osce.org/fom/ қараңыз

B. БАҚ ҚЫЗМЕТИНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Конституция сөз бостандығына кепілдік береді және цензурага тыйым салады. Эрбір адамның кез келген заңмен тыйым салынбаған жолмен ақпаратты еркін түрде алуға және таратуға құқығы бар. Кандидаттарға үгіт жүргізу тәртібін және олардың БАҚ қатынауын реттейтін құқықтық негіз Сайлау туралы Заңда және 16 қыркүйекте ОСК қабылдаған «Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт және Қазақстан Республикасы Президенті сайлауын ақпаратпен қамтамасыз ету ережелерінде» және үгіт жүргізумен байланысты назар аударылатын сайлау туралы Заңының бірқатар ережелерінде мазмұндалады.

Заңнама бойынша кандидаттардың қандай да бір кандидат үшін немесе оған қарсы сайлау алдындағы үгітті кедергісіз жүргізуге және бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуге құқығы бар. Бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың сайлау алдындағы кампаниясын әділ хабардар етуді ұсынуға тиіс және де келген кандидаттардың ар-намысын, іскерлік беделін түсіретін ақпаратты жариялаудан бас тартуға тиіс.

Эрбір кандидатқа мемлекет есебінен теледидар бойынша 15 минуттық сөз сөйлеуіне, радио бойынша он минуттық сөз сөйлеуіне, сондай-ақ БАҚ баспаларында екі мақала жариялауына құқық беріледі. 19 қазанда ОСК осы эфир уақытына және газет алаңына бөлінген, атап айтқанда: «Қазақстан-1» телеарнасы, «Қазақ Радиосы» және «Казахстанская правда» мен «Егеменді Қазахстан» газеттері сияқты мемлекеттік БАҚ тізімін бекітті. Сайлау туралы Заңы, сондай-ақ ОСК ұйымдастырылатын айқындалған пішімде, бәсекелестерге теле пікір тартыстарға қатысуға құқық береді. ОСК ұйымдастырылған телепікіртартыстар мемлекеттік менишік үлесі бар телearна «Хабар» арнасынан көрсетілді.

БАҚ ақылы саяси жарнамаларға кемсітүшілдіксіз негізде рұқсат етіледі; БАҚ бәсекелестерге кандидаттардың бір де біреуіне құрмет көрсетпейтіндегі шарт ұсынуға тиіс. Ақылы уақыт және аландар кандидаттарға бірдей жағдайларда берілсе де, Тұяқбай мырзаның штабы ОСК үш телевизорларынан («Хабар», «КТК» және «Бірінші Еуразия арнасы») роликтердің барынша аз ұзактығына және оларды көрсету уақытына қатысты шектеулі талаптар белгілегені туралы шағыммен жолданды. ОСК осы хабар беру органдарының шарттары Сайлау туралы Заңмен көзделгендей барлық кандидаттар үшін бірдей екенін дәлелге ала отырып, осы шағымды қабыл алмай тастады. Жоғарғы сот ОСК шешімін күшінде қалдырды.

Мәдениет, ақпарат және спорт министерлігі сайлау алдындағы кампанияны хабардар ету бойынша олардың құқықтық ережелерді сактауын тексеру мақсатында мемлекеттік БАҚ³⁰ мониторинг жүргізді. Осы мониторингтің нәтижелері бойынша Министрлік «Қазақпарат» ақпараттық агенттігіне және «Қазақ Радиосына» барлық кандидаттар туралы хабардар етуді тен ұстауға нұсқау берді. Орталық Сайлау Комиссиясы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау хабарларын таратуын бақылау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг ұйымдастыруды.

29 қыркүйекте 22 ірі БАҚ өкілдері «Адал сайлау үшін» хартиясына қол қойды. Осы заңды қүші жоқ құжатта олар барлық кандидаттарға өздерінің көзқарастарын білдіруіне бірдей жағдайларды беруді қоса, сайлау кампаниясының жұмысын адал және жан-жақты көрсетуге

³⁰ «Қазақстан-1», «Хабар», «Қазақ Радиосы», «Казахстанская правда», «Егеменді Қазахстан» және «Қазақпарат» жаңалықтар агенттігі. Бәсекелестерге бөлінген уақыт мөлшері де, хабар беру үндестігін бағалау да әрбір бәсекелеске арналған кездесетін жаңалықтардың мөлшерін санаған, министрліктің мониторингінің бір бөлігі болып табылмады.

міндеттенді. Кейбір БАҚ өз хабарларын бейтараптырақ дайындауга ұмтылыс жасағанына қарамастан, жалпы алғанда БАҚ хартия қағидаларын сақтамады.

C. БАҚ МОНИТОРИНГІ

19 қазаннан бастап 2 желтоқсанға дейін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ 4 жалпыұлттық телеарналарға: мемлекеттік «Қазақстан-1», «Хабар» (мемлекет бақылау акциясының пакетіне ие) және екі жеке телеарна - «31 канал» мен «КТК», сондай-ақ 17 газетке, соның ішінде екі мемлекеттік газеттерге сандық және сапалық мониторинг жүргізді³¹. СБМ кандидаттарға және сайлаудың әрекет етуші тұлғаларына прaim-таймда және баспа жарияланымдарынан шығатын бағдарламаларда берілген уақыт/алаң мөлшеріне, сондай-ақ ақпарат беру сыңайына талдау жасады³².

Мониторинг жүргізілген барлық электрондық БАҚ өз жаңалықтарының көп бөлігін Назарбаев мырзаның кандидаттығы туралы хабарға арнады. Оны кандидат ретінде емес, Президенттің реңми қызметінде жи्रек және де тек жағымды жағынан ғана көрсетті.

«Қазақстан-1» мемлекеттік телеарнасы бес бәсекелестің бәрін жан-жақты таныстыруға бөлінген уақыттың 59 пайзын Назарбаев мырзага арнады. Байменов, Тұяқбай, Әбілқасымов және Елеусізов мырзалар уақыттың соған сәйкес 13, 12, 8 және 8 пайзын алды. Осы төрт кандидатты жан-жақты таныстыру сыңайы жеткілікті тенденстірліген жағдайда болды, алайда редакторлардың ақпараттық бағдарламаларында кандидаттар үшін үгіттеуден аулақ болу шешіміне орай, ешқайсысына да тікелей сөйлеу құқығы берілмеді. Әрекет етуші Президент тек жағымды жағынан ғана сипатталды және жаңалықтар бағдарламасында оған бөлінген уақыттың шамамен алғанда бестен бір бөлігі тікелей сөйлеуіне берілді.

«Хабар» арнасы жаңалықтардағы бәсекелестерге берілген уақыттың 49 пайзын Назарбаев мырзага бөлді, ал уақыттың қалған 51 пайзы біркелкі қалған кандидаттар арасында бөлінді. «Хабар» формальды түрде президенттік міндет ретінде берілген Президенттің қызметін көрсеткен кезде, әрекет етуші Президенттің пайдасына қалауын көрсетті³³. Сайлау кампаниясының соңғы аптасының ішінде «Хабар» ақпарат берудің тиісті уақытының үштен екісін әрекет етуші Президентке бөлді. «Хабар» арнасында басқа кандидаттарды жаңалықтарда көрсету негізінен жағымды немесе бейтарап сыңайда болса, Тұяқбай мырза теріс жағынан сипатталды.

«Хабар» сондай-ақ БАҚ Қазақстанның жетістіктерін, этникааралық келісімін және гүлденуін насихаттау бойынша кампания өткізді, ол кең түрде «Хабар» және басқа арналарда көрсетілді, өз нышаны және мазмұны бойынша әрекет етуші Президенттің үгіт кампаниясына ұқсас болды. Сайлау кезеңінде акциялардың бақылау пакетіне мемлекет ие хабар беру органдарымен осындағы кампанияны өткізу дерегінің өзі мазасыздық тудырады. Сайлаудан кейін осы кампания әрі қарай жалғасты, алайда оның «Арманға бірге барайық» ұраны «Назарбаев – біздің Президент»³⁴ деп өзгерді.

³¹ «Айқын», «Деловая Неделя», «Егеменді Қазақстан», «Экспресс K», «Караван», «Казахстанская Правда», «Литер», «Мегаполис», «Начнем с понедельника», «Новое Поколение», «Панорама», «Соз», «Свобода Слова», «Время», «Жас Алаш», «Жас Казак» и «Жұма Таймс».

³² Электронды БАҚ мониторингінің толық нәтижелерімен ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ веб-бетінде мына сілтеме бойынша: www.osce.org/documents/odihr/2005/12/17259_en.pdf танысуға болады.

³³ Аймақтарды аралаган кезде, Астанадағы «Қазақстан халықтары Ассамблеясы» отырысында және супермаркеттер мен құрылыштарды Ашу кезінде әрекет етуші Президенттің жақтастары және үгіттеуші материалдары қатысты.

³⁴ Бастапқы атауларымен роликтер эфирге сайлау күнінен кейін де шығуын жалғастырды.

«КТК» жеке арнасы қалған басқа кандидаттарға қарсы және әрекет етуші Президенттің пайдасына алдын ала өздерінің сандық және сапалық нақты қалауларын көрсетті. «КТК» жаңалықтарды берудің тиісті 77 пайызын тек жағымды жағынан ғана сипатталған Назарбаев мырзага арнады. Қалған кандидаттар туралы ақпараттар негізінен жағымсыз сипатта берілді. Оппозицияның қайраткерлері және кандидаттары «КТК» арқылы берілген көптеген сатиралық бағдарламаларға нысан болды. «КТК» негізгі жаңалықтар берудің тұрақты айдары болып табылатын «Барлығы да сайлауға» түсініктемесі жаңалықтардың осы бөлімінде жағымсыз сипаттаманы атап айтқанда, Тұяқбай және Байменов мырзаларға қатысты айтып өтті.

Мониторинг нысаны болып табылған, басқа телеарналармен салыстырғанда «31 канал» саяси көзқарастардың әр түрлерін ұсынды. Мысалы, бұл арна әрбір бес кандидатқа және олардың бағдарламаларына тегін түрде өзінің 15 минуттық хабарын ұсынды. Осындағы бағдарламалар заң бойынша көзделген пішімдерден басқа кандидаттар туралы ақпараттың жалпы жетіспеушілігін ескере отырып, сайлаушыларға пайда келтірді. Бұған қарамастан, «31 канал» сонымен қатар, әсіресе бәсекелестерге бөлінген эфир уақытына қатысты оларға алдын ала қалаулылық көрсетті. «31 каналда» Президент Назарбаевқа кандидаттарға арналған жаңалықтардағы уақыттың 74 пайызы бөлінсе, Тұяқбай мырзага тек 12 пайыз берілді. Ал әрекет етуші Президентті көрсету жағымды немесе бейтарап сыңайда болса, Тұяқбай мырзаның сипаттамасы біршама теріс сыңайда болды.

Мониторинг нысаны болған электронды бұқаралық ақпарат құралдары Үкіметтің және басқа мемлекеттік құрылымдардың жағымды жетістіктерін жариялауға ерекше назар аударды. Ең басты тақырыптардың бірі Қазақстандағы тұрақтылықты жақында саяси өзгерістер болған ТМД елдеріндегі жағдайлардың дағдарыстық күйімен салыстыру болды. Кампанияның соғы аптасы ішінде бірнеше арналар, соның қатарында «Қазақстан-1», «Хабар» және «31 канал» Украинада, Қыргызстанда және Грузиядағы жақындағы саяси өзгерістер сыналған «Тұрлі түсті аурулар» деген атпен бір сағаттық деректі фильмді көрсетті.

БАҚ, әсіресе мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында, ОСК қызметі кең түрде көрсетілді және сайлаушылар үшін ОСК ақпараттық роликтері жүйелі түрде беріліп отырды. Бірқатар аймақтық жеке телеарналар, мысалы, Қарағандыда, Қызылордада және Семейде сайлау кампаниясы туралы сайлаушыларды ақпараттандыруды арттыруға бағытталған, сарапшылармен сұхбаттың арнайы бағдарламаларын үйимдастырды.

Мониторинг жүргізілген 17 баспа БАҚ көпшілігі белгілі бір кандидаттарға қарсы немесе оның пайдасына өздерінің алдын ала қалауларын көрсетті. Мемлекеттік баспа органдары «Казахстанская Правда» және «Егеменді Қазақстан» әрекет етуші Президентке барлығын бірге алғанда кандидаттарға бөлінген алаңының 72 және соған сәйкес 52 пайызын бөлді. Ол тек жағымды жағынан ғана сипатталды. Басқа кандидаттар бейтарап немесе оң сыңаймен сипатталса, Тұяқбай мырза тек бірқалыпты жағымсыз сыңайда сипатталды.

Назарбаев мырзаның пайдасына және Тұяқбай мырзага қарсы алдын ала қалаулық «Айқын», «Экспресс K», «Литер», «Мегаполис» және «Начнем с понедельника» жеке газеттерінде көрінді. Басқа жағынан алғанда, «Сөз», «Жас Алаш» пен әсіресе «Свобода Слова» және «Жұма Таймс» сияқты жеке газеттерде Назарбаев мырза теріс сыңайда, ал Тұяқбай мырза жағымды сыңайда көрсетілді. «Новое поколение» және «Панорама» жеке газеттері кандидаттарға

бөлінген баспа алаңының көпшілігін әрекет етуші Президентке бөлді, алайда олардың бәсекелестерді сипаттау сыңайы тенденстірлген болды.³⁵

Кандидаттардың бәрі де оларға мемлекеттік электрондық және баспа БАҚ берілген тегін эфир уақытын және баспа алаңын пайдалана алды. Солай бола тұра, кейбір жағдайларда осы БАҚ кандидаттардың материалдарының мазмұнын өзгертуге негізсіз үмтүлыштар жасады. Мемлекеттік теледидар, радио және газет өкілдері Тұяқбай мырзамен ұсынылған үгіт материалдарының мазмұнына қатысты өздерінің қарсылықтарын білдірді, алайда оларды ешбір өзгертусіз жариялады. Әбілқасымов мырзаға да өз материалдарына өзгерту енгізу ұсынылды. «Казахстанская правда» газеті Байменов мырзаның мақаласының «Барлық мәселенің негізі – Президенттің қолында биліктің және өкілеттікің зор шоғырлануы» атауын «Елге жеделдетілген жаңғыруту қажет» деп алдын ала құлақтандырусыз өзгертуі себебінен ол ОСК шағыммен жолданды.

Президенттікке кандидаттарға заңнама бойынша берілген уақыт пен алаңының мөлшері, әрекет етуші Президент туралы БАҚ жариялау ауқымымен салыстырғанда шағын ғана болып көрінеді.

17 қарашада көрсетілген кандидаттардың пікіртартыстарына қатысуға оларға мүмкіндік берілді. Қазақстан тарихында ең алғаш пікіртартыс сайлаушыларға дауыс берген күні олардың қандай таңдау жасау керектігін жақсы түсінуіне мүмкіндік берілді. Дей тұрғанмен, әрекет етуші Президенттің қатыспау шешімі, тіpten бұл оның құқығы болса да, электорат үшін осы оқиғаның құнын елеулі тәмендегітті. Тек төрт кандидаттар қана қатысты, ал әрекет етуші Президент ресми іссапармен Украинаға кетті. Міне сөйтіп, сайлаушылар барлық кандидаттардың көзқарастарын тікелей салыстыру жасауға мүмкіндіктен айрылды. Кандидаттар бір біріне сұрақ бере алатын болса да, олар ОСК белгілеген пікіртартыс пішімі айқындаасына қатыспады.

Тиісті реттеменің болмауынан БАҚ жарнама ретінде үгіт материалдарын орналастыру тарифи 2004 жылғы сайлау кампаниясы кезінде әрекет еткен баға және әдеттегі жарнамаға қарағанда елеулі жоғары болды. Кейбір кандидаттар бағаның жоғарылығына СМБ шағымданса да, олардың көпшілігі акылы жарнаманы, ең алдымен жалпыұлттық электронды БАҚ, әсіресе үгіт кампаниясының соңғы екі аптасы ішінде пайдаланды.

D. БАҚ ЕРКІНДІГІ

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СМБ сөз және ақпаратқа қатынау еркіндігінің шектелгендігі туралы хабар алдып, және оның тікелей куәгері болды. Осындағы кезеңде «Свобода слова» және «Жұма Таймс» газеттерінің таралымын тәркілеудің 3 жағдайы және біреуі - «Жұма Таймс» газетімен сайлаудан кейін болды³⁶. Осы жағдайларда газеттер тасымалданған көлік құралдары баспаханадан шыққанан кейін, газет таратылмай тұрып полиция органдарымен тоқтатылып, газеттер тәркіленген. Газеттерді тәркілеуге негіз болған Президент және кандидаттың намысы мен беделін қорлайтын материалдардың басылуы болды.

³⁵ Газеттер «Деловая газета», «Караван», «Время» және «Жас Қазақ» кандидаттардың қызметін шектеулі түрде жариялады.

³⁶ «Свободы слова» газетінің таралымдары 19 және 26 қазанда полиция лоргандарымен алынған болатын. 26 қазанда таралым бірнеше сағат өткеннен кейін иелеріне қайтарып берілген. «Жұма Таймс» таралымы 3 қарашада және 8 желтоқсанда тәркіленді.

Тәркілеу жүргізілу әдісінің өзі полицияға газет мазмұны алдын ала белгілі болған деген болжауға елеулі негіз береді. Полиция осы көлік құралдарын сот ордерін көрсетусіз тоқтатып, тінткен. Полиция органдарының хабары бойынша занды әлуесті бұзатын мақала жарияланған газеттер тінту кезінде кездейсоқ табылған, содан кейін бұл туралы прокуратураға хабарлаған. Газет өкілдері баспаханадағы біреудің газеттің мазмұны туралы полицияға хабарлағанын, содан кейін полицияның осы газеттерді тасымалдайтын машиналарды баспахана алдында күтіп тұрғанын мәлімдеді. Полицияның мәлімдеуі бойынша оның қызметкерлері баспахана алдында басқа себептер бойынша болғанын мәлімдеді.

Осы тәркілеуден басқа, «Свобода слова», «Жұма Таймс» және «Начнем с понедельника» газеттеріне айыппұл салынды, ал «Свобода слова» (19 қазандағы) және «Жұма Таймс» (3 қарашадағы) газеттерінің жеке нөмірлерінің таралымдары Кандидаттардың намысы мен беделін қорлайтын жалған ақпарат және әрекетті таратуға тыйым салатын, әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодекстің 100-Бабын бұзғаны үшін сот өкімі бойынша жойылды.

Ақпаратты еркін таратуға құқықты қосымша шектеу «Свобода слова» газетін тәркілегенін олар жариялауына байланысты 19 қазанда Алматыда бес журналисті ұстаган жағдайда байқалды. Кампания басталғанға дейін біраз бұрын тіркелген атауын дұрыс пайдаланбағаны үшін саяси оқиғалар туралы балама ақпараттарды ұсынатын «Навигатор» Интернет-сайты жабылды.

2005 жылғы қыркүйекте ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Бағалау миссиясының Қазақстанға іс сапарымен СБМ құрылуы арасындағы кезеңде бұрын көптеген оппозициялық газеттерді басып шығарған баспахана, осыны жасауды жалғастырудан кенеттен бас тартты. Осы газеттерді Президенттің жақын туысқаны иегері болып табылатын басқа баспахана басуға келісті. Сайлаудан кейін осы баспахана да оппозициялық газеттерді басып шығарудан бас тартты. Бұл БАҚ кейіннен басқа баспахана тапты.

X. ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ МӘЛІМДЕМЕЛЕР

Сайлау туралы Заңға сәйкес сайлау үдерісіне қатысты барлық шағымдар мен мәлімдемелер сайлау комиссияларына және/немесе соттарға берілуі мүмкін. Шағымдар мен мәлімдемелер сондай-ақ сайлау үдерісі заңдылығының сақталуына жауапкершілігі жүктелген прокуратура органдына жіберілуі мүмкін. Сайлау комиссиясымен алынған көптеген мәлімдемелер де сондай-ақ Бас прокуратураға деректерді тексеру үшін немесе заңнаманы түсіндіруге ұсыну үшін берілді.

Сайлау күні және өткізу туралы жариялау арасындағы кезеңде сайлау комиссиясына және түрлі мемлекеттік органдарға шамамен 18 000 шағым түсті. Осы шағымдардың көшілілігі қол жинау үдерісіне қатысты болды және кейбір дәрежеде алдын ала жоспарланған акциядай көрінді. Басқа шағымдар қатарында кейбір кандидаттардың үгіт жұмысын жүргізген кездегі қыындықтары, қажетті ақпараты жоқ үгіт материалдарын тарату туралы, кандидаттардың намысын және беделін қорлайтын материалдар туралы, үгіт материалдарының бүлінуі туралы, үгітшілерді билік иелерінің қудалауы және әр түрлі билік органдарының әрекетке немесе әрекетсіздікке қарсы аппеляциясы туралы мәлімдеме болды.

Осы кезең ішінде ОСК 400 жуық шағымдар мен мәлімдемелер келіп түсті. ОСК алған шағымдардың аздаған ғана жағдайлары бойынша шешім қабылдады немесе дауыс берді. Келіп түскен шағымдар мен мәлімдемелерге көп жағдайларда ОСК лауазымды тұлғалары жалпы алғанда ОСК алқалық шешімін қабылдаусыз жауап берді, соның ішінде бірнеше жағдайларда

мемлекеттік органдарға заңнаманы бұзушылықты жоюға нұсқама берді.³⁷ ОСК жеке мүшелерінің шағымдарға бүкіл органдармен шешім қабылдаусыз әсер ету практикасы Сайлау туралы Заңмен бекітілген алқалылық және ашықтық қағидаларына сәйкес емес болып табылады.

ОСК құрылған шағымдарды қарау бойынша Кеңес беру-кеңесуші қызметтік тобы³⁸ жүйелі түрде отырыстар өткізді және көпшілік алдында ОСК және басқа билік органдарына жіберілген шағымдар туралы есептерді тыңдады. Осы топтың отырысы жалпы алғанда шағым және аппеляция бойынша ақпаратпен алмасудағы үшін ашық форум болса да, оның шағым бойынша шешім шығару өкілеттілігі болмады.

Төмен тұрған комиссиялар да шағымдарды қабылдап, олар бойынша шешімдер шығарды. Солай бола тұра, УСК деңгейінде шағымдарды қарау жүйесі көбінесе УСК мүшелерінің ықыластылығына байланысты. Сайлау туралы Заңда сайлау күні УСК шағым беру тікелей көзделсе де және бақылаушылар мен сенім білдірілген өкілдердің жіберілген бұзушылықтар туралы олар жасаған кесімдерді комиссия хаттамаларына қосуын талап ету құқығы болса да, заңда осы құқықтардың сақталуына тиімді және жеткілікті түрде кепілдік берілуі мазмұндалмаған. УСК төрағасы қарауға осындай бұзушылықтарды мәлімдеу туралы кесімдерді қабылдаудан бас тартқан жағдайларда және оларды кейіннен комиссия хаттамасына қоспағанда, жергілікті бақылаушылары мен кандидаттардың өкілдеріне ақырында өз шағымдарын құжатты түрде ресімдеу мүмкін болмады.

Прокуратура сайлаумен байланысты шағымдарды қарауда негізгі рөл атқарды. Ол шағымдарды алды, белсенді түрде мониторинг және тексерулер жүргізді және өзі анықтаған бұзушылықтарды реттеді. Бас Прокуратурадан алынған ақпаратқа сәйкес, сайлауға қатысты шағымдарға бірнеше қылмыстық іс қозғалған, кем дегенде олардың үшеуі үгіт материалдарын бүлдіргенге қатысты болды³⁹. Прокуратураның белсенді рөлі жақсы қарсы алынса да және шағымдар мен мәлімемелерді қарау рәсіміндегі бос аралықтарды толтырғанына қарамастаң, оның қатысуы соттар мен сайлау комиссияларын тартқан кездегіге қарағанда шағымдар мен мәлімдемелерді қараудың тәуелсіз және ашықтығы төмендеу екенін білдіреді.

Сайлаумен байланысты істер әр түрлі деңгейдегі соттармен тыңдалды. Кем дегенде бір жағдайда нақтылы дәлелдеме мен деректерді соттың ескермегені жайлы сезім қалыптасты. Мысалы, Алматыдағы кандидат Тұяқбайдың кеңесесінің бірінің алдында көлік құралдарын және адамдарды бейнетаспаға түсіріп жатқан полиция қызметкерінің табылғаны туралы іс бойынша, округтік сот 29 қарашада Тұяқбай мырзаның сайлау штабының өкілдерінің пайдасына емес шешім шығарды. СБМ бақылаулары соттың ұсынылған дәлелдемелерді мүқият түрде зерттемегенін болжауға негіз береді⁴⁰.

³⁷ Мысалы, Сыртқы істер министрлігінің өзінің веб-сайтнан үтіті жүргізу тәртібі туралы ережені бұзушы деп танылған материалдарды алып тастау туралы ұсынысы.

³⁸ Осы жұмыс тобы әр түрлі билік органдарын білдіретін, ОСК, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Каржы министрлігі және Бас прокуратуралы қоса алғанда 22 мүшеден тұрады.

³⁹ 2 желтоқсандағы жағдайы бойынша прокуратурамен және басқа құқықкорғау органдарымен бес қылмыстық іс қозғалған және сайлауға байланысты 313 әкімшілік істер қозғалған. Сол күнгі жағдайы бойынша прокуратура органдары прокурор әсер еткен 697 кесімдерді қабылдады, заңдарды түсіндірк, заңдылықтың бұзылғанын жою бойынша өкімдер, нұсқаулар, наразылықтар және әкімшілік іс қозғау туралы шешімдер.

⁴⁰ 19 қарашада кандидат Тұяқбайдың кампаниясының белсенділері Алматыдағы олардың бір штабы үйінің алдында бейнетаспаға түсіріп жатқан полиция қызметкерін байқаған. Таспада «ҚДС 19.11.2005» («ҚДС» - бұл аббревиатура «Қазақстанның демократиялық сайлауы») деген жазу болған. Осы дерек бойынша сотта тиісті Ішкі істер министрлігіне қарсы іс қозғалды. Осы таспа бақылау жүргізгеннің нақты дәлелі болса да, сот полиция қызметкері жабдықты сынақтан өткізді деген себеппен келісті. Таспада Тұяқбай мырзаны колдайтын қозғалыстың атаяу не себептен көрсетілген түсініксіз болып қалды.

Жоғарғы сотқа кем дегенде сайлауға байланысты 23 шағым түсті⁴¹. Кейбір шағымдар қарауға мерзімдерді сақтамау себебінен немесе рәсімдеу сипатындағы басқа себептерден қабылданбады. Жоғарғы сот алған бірде бір мәлімдемені, соның ішінде сенатор Қайсаровтың ОСК оны тіркеуді қабыл алмау шешіміне қарсы мәлімдемесі қанағаттандырылмады.

9 қыркүйектегі Президенттің Жарлығы 1 желтоқсанда Жоғарғы сотта Тұяқбай мырзамен талас тудырыды, оның мәлімдеуі бойынша орган декреттерінің арасында айтылып кеткендей Президенттің ОСК нұсқау беруге құқығы жоқ. Жоғарғы сот осы мәлімдемені Президенттің әрекеті сот қарауына жатпайды деген негізде қабыл алмай таstadtы.

XI. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУШЫЛАР

